

"Тарифтерді қалыптастыру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Су ресурстары және ирригация министрінің 2025 жылғы 14 сәуірдегі № 66-НҚ бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Су ресурстары және ирригация министрінің 2026 жылғы 5 ақпандағы № 22-НҚ бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2026 жылғы 6 ақпанда № 37953 болып тіркелді

БҰЙЫРАМЫН:

1. "Тарифтерді қалыптастыру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Су ресурстары және ирригация министрінің 2025 жылғы 14 сәуірдегі № 66-НҚ (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 35975 болып тіркелген) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Тарифтерді қалыптастыру қағидаларында:

1-тармақтың 6) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"6) жасалған мемлекеттік-жекешелік әріптестік шарт негізінде тарифті айқындау тәртібі;"

3-тармақта:

37) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"37) қарыз капиталы – мемлекеттік-жекешелік әріптестік объектісін құру немесе реконструкциялау үшін қарыздар (кредиттер алу, облигациялар шығару және сату, ақшалай міндеттемелердің басқа да түрлері бойынша қаражат алу) есебінен пайда болған капитал;"

53) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"53) меншікті қаражат – мемлекеттік-жекешелік әріптестік объектісін құру немесе реконструкциялау үшін пайдаланылатын мемлекеттік-жекешелік әріптестік субъектісінің ақшалай қаражаты (акционерлік (жарғылық) капитал, бөлінбеген пайдасы (таза кірісі) немесе амортизациялық аударымдары);"

мынадай мазмұндағы 74-1) тармақшамен толықтырылсын:

"74-1) суды үнемдеу технологиясы – су шығыстарының үлестік нормаларын төмендету, су үнемдеу үшін нақты шара ретінде өзінің практикалық жарамдылығын дәлелдеген, су қорын қорғау және пайдалану саласында қолданылатын техникалық құрылғылар, аспаптар, аппараттар, құрылысжайлар;"

7-тармақтың 4) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"4) жасалған мемлекеттік-жекешелік әріптестік шарт негізінде тарифті айқындау.;"

12-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"12. Жасалған мемлекеттік-жекешелік әріптестік шарт бекітілген инвестициялық бағдарлама негізінде тарифті айқындау осы Қағидаларға сәйкес жүзеге асырылады.";

13-тармақтың 3) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"3) мемлекеттік-жекешелік әріптестік шарты, оның ішінде уәкілетті орган өзінің бастамасы бойынша немесе табиғи монополия саласындағы мемлекеттік-жекешелік әріптестік субъектісінің өтініші негізінде жүзеге асыратын негізінде тарифті айқындау."

мынадай мазмұндағы 17-1-тармақпен толықтырылсын:

"17-1. Ауыл шаруашылығы дақылдары үшін коэффициентті және (немесе) су үнемдеу технологияларын қолдануды ескере отырып, реттеліп көрсетілетін қызметтеріне сараланған тарифтерді бекіту кезінде өтінімге қоса беріледі:

1) ауыл шаруашылығы дақылдары үшін коэффициентті және (немесе) су үнемдеу технологияларын қолдануды ескере отырып, ауыл шаруашылығы тауарын өндіруші үшін сараланған тарифтерді бекіту қажеттілігі туралы түсіндірме жазба;

2) суды каналдар арқылы беру, суару үшін су беру көрсетілетін қызметтері үшін "Су тұтыну мен су бұрудың үлестік нормаларын есептеу әдістемесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Су ресурстары және ирригация министрінің 2025 жылғы 9 маусымдағы № 116-НҚ (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 36251 болып тіркелген) және "Су тұтыну мен су бұрудың ірілендірілген нормаларын бекіту туралы" 2025 жылғы 4-маусымдағы № 108-НҚ (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 36253 болып тіркелген) бұйрықтарына сәйкес есептелген өңірдегі су тұтынудың орташа үлес нормасы бойынша ақпарат;

3) өтінім берудің алдындағы төрт тоқсан үшін немесе өткен күнтізбелік жыл үшін тұтынушылар топтары бөлінісінде, текше метрдегі суды тұтыну көлемі бойынша ақпарат;

4) өтінім берудің алдындағы төрт тоқсан үшін немесе өткен күнтізбелік жыл үшін тұтынушылар бөлінісінде гектарлардағы суармалы жерлер алаңының көлемі бойынша ақпарат;

5) тұтынушылар бөлінісінде ауыл шаруашылығы дақылдарының айналымы бойынша өтінім берудің алдындағы төрт тоқсандағы немесе алдыңғы күнтізбелік жылдағы ақпарат;

6) қолданылатын су үнемдеу технологиялары туралы ақпарат;

7) тұтынушылар бөлінісінде ауыл шаруашылығы дақылдарының жоспарланатын айналымы бойынша ағымдағы және келесі екі жылға арналған деректер.

Ауыл шаруашылығы тауарын өндіруші үшін ауыл шаруашылығы дақылдарының түрлері бойынша және (немесе) су үнемдейтін технологиялардың болуына немесе болмауына қарай бірге де, жеке де сараланған тарифтерді бекітуге жол беріледі.";

18-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"18. Субъект осы Қағидалардың 15, 16, 17 және 17-1-тармақтарына сәйкес өтінімге қоса берілетін есептеулерді және негіздейтін материалдарды реттеліп көрсетілетін қызметтердің әрбір түріне жеке дайындайды.";

20-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"20. Уәкілетті органның өтінімді қараудан бас тартуына мыналар:

1) субъектінің осы Қағидалардың 15, 16, 17 және 17-1-тармақтарында көзделген құжаттарды ұсынбауы;

2) ұсынылған құжаттардың осы Қағидалардың 18-тармағына сәйкес келмеуі;

3) Заңның 25-бабының 7-тармағында көзделмеген мәліметтерді коммерциялық құпияға жатқызу.";

25-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"25. Уәкілетті орган осы Қағидалардың 16, 17 және 17-1-тармақтарына сәйкес ұсынылған өтінімді жиырма жұмыс күнінен аспайтын мерзімде қарайды.

Сараланған тарифтерді бекітуге арналған өтінім осы Қағидалардың 15-тармағына сәйкес ұсынылған тарифті бекітуге арналған өтініммен бір мезгілде ұсынылған жағдайда, сараланған тарифтерді бекітуге арналған өтінім осы Қағидалардың 24-тармағында көрсетілген мерзімде қаралады.";

49-тармақтың бесінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"жасалған мемлекеттік-жекешелік әріптестік шарт негізінде тарифті айқындау әдісін қолдану ескерілген тарифті есептеуді айқындайды.";

2-тарау 5-параграфтың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"Жасалған мемлекеттік-жекешелік әріптестік шарт негізінде тарифті айқындау әдісін қолдануды ескере отырып тарифті есептеу тетігі";

231-тармақта:

он үшінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"РИі – мемлекеттік-жекешелік әріптестік объектісін пайдалану процесінде қайта инвестицияланған меншікті капитал сомасы";

он бесінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"СВКі – мемлекеттік-жекешелік әріптестік шартын қолданудың қалдық мерзімі, жылдармен";

259 және 260-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"259. Реттеліп көрсетілетін қызметтерге тұтынушылардың мынадай топтарына тариф саралануы мүмкін:

1) ауыл шаруашылығы тауарын өндіруші, акваөсіру субъектілері – бірінші топ;

2) су каналдары, бюджеттік ұйымдар – екінші топ;

3) электр энергиясын өндіретін кәсіпорындар – үшінші топ;

4) су жіберу (табиғатты қорғау, санитарлық-эпидемиологиялық) – төртінші топ;

5) өнеркәсіптік кәсіпорындар, өзге де коммерциялық және коммерциялық емес ұйымдар – бесінші топ.

Ауыл шаруашылығы тауар өндірушілерін суды үнемдеуге ынталандыру мақсатында бірінші топтың тарифі тұтынушылардың мынадай санаттары бойынша сараланады:

1-кіші топ – суды каналдар арқылы беру, суару үшін су беру реттеліп көрсетілетін қызметтерін тұтынатын ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілері:

су тұтынудың үлестік нормалары шегінде;

өңірдегі су тұтынудың орташа үлес нормасынан аспайтын.

2-кіші топ – суды каналдар арқылы беру, суару үшін су беру реттеліп көрсетілетін қызметтерін тұтынатын ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілері:

су тұтынудың үлестік нормаларынан асып кетуге жол бергендер;

өңірде су тұтынудың орташа үлестік нормасынан асып кетуге жол бергендер.

Бұл ретте, 1-кіші топқа жататын тұтынушылар үшін реттеліп көрсетілетін қызметтер тарифтеріне арттыратын коэффициенттер қолданылмайды, ал 2-кіші топ тұтынушылары үшін тарифтерге Қағидалардың 266-тармағында көрсетілген арттыратын коэффициенттер қолданылады.

Су үнемдеу технологияларын және өлшеу құралдарын қолданбайтын тұтынушылар үшін реттеліп көрсетілетін қызметтер тарифтеріне тұтынушылардың барлық топтары үшін су үнемдеуге ынталандыру мақсатында, арттыратын коэффициенттері белгіленеді

260. Субъект алған қосымша табыс тұтынушылардың бірінші тобының "ауыл шаруашылығы тауарын өндіруші" 1 және 2-кіші топтарының тарифін қолдану кезінде реттеліп көрсетілетін қызмет бойынша жабдықтар мен желілерді жаңғыртуға, реконструкциялауға, сондай-ақ негізгі құралдарды (жабдықтарды) сатып алуға және инвестициялық бағдарламаны іске асыру үшін тартылған қарыздар (кредиттер) бойынша сыйақылар мен негізгі борышты төлеу үшін жіберіледі.

Уәкілетті орган қосымша табысты мақсатсыз пайдаланудың бекітілген тарифтік сметасының орындалуы туралы есепті талдау кезінде белгілеген жағдайда, негізсіз табыс субъектінің бекітілген барлық табысынан алып тасталады.";

266-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"266. Тұтынушылардың бірінші тобының мынадай санаттары үшін реттеліп көрсетілетін қызметтерге арналған тариф формулалар бойынша айқындалады:

Ташт₀₁ = T₁;

Ташт₀₂ = 1,2*T₁ (өңірдегі (облыстағы, республикалық маңызы бар қаладағы, астанадағы) су тұтынудың үлестік нормалары және (немесе) су тұтынудың орташа үлестік нормалары асып кеткен кезде);

мұндағы:

T₁ – осы Қағидалардың 265-тармағына сәйкес айқындалған бірінші топтың тарифі;

Ташт₀₁ – 1-кіші топқа арналған тариф;

Ташт₀₂ – 2-кіші топқа арналған тариф.

Су тұтынудың үлестік нормаларынан немесе өңірдегі (облыстағы, республикалық маңызы бар қаладағы, астанадағы) су тұтынудың орташа үлестік нормасынан асып кету фактісі болған жағдайда, 1 айдағы есепке жазудың жалпы көлемін есептеу кезінде су тұтынудың үлестік нормалары немесе өңірдегі (облыстағы, республикалық маңызы бар қаладағы, астанадағы) су тұтынудың орташа үлестік нормасы шегінде тұтынылған көлемге 1-кіші топтың тарифі қолданылады, ал қалған көлемге 2-кіші топтың тарифі қолданылады.

Су үнемдейтін технологиялар болмаған кезде реттеліп көрсетілетін қызметтерге арналған тариф формулалар бойынша айқындалады:

$$T_{ст} = 1,2 * T_1,$$

мұндағы:

$T_{ст}$ – су үнемдейтін технологиялар болмаған кездегі тариф.";

мынадай мазмұндағы 266-1 және 266-2-тармақтармен толықтырылсын:

"266-1. Реттеліп көрсетілетін қызметтерге ақы төлеу құны су үнемдеу технологиялары болмаған жағдайда арттырушы коэффициенттерін ескере отырып формулалар бойынша айқындалады:

$$T_{жаңа} = T_{базалық} \times K_{СТ-сыз} \times K_{дақыл}.$$

Реттеліп көрсетілетін қызметтерге арттырушы коэффициенттерді бірге де, коэффициенттің әрбір түріне жеке де бекітуге және (немесе) қолдануға жол беріледі.

266-2. Ауыл шаруашылығы дақылдарының коэффициенті формулалар бойынша анықталады:

$K_d = \frac{\text{Өңір (облыс, республикалық маңызы бар қала, астана) орташа м}^3/\text{га}}{\text{коэффициент}} \geq 1,2.$

мұндағы:

Өңір (облыс, республикалық маңызы бар қала, астана) орташа – өңір (облыс, республикалық маңызы бар қала, астана) және ауыл шаруашылығы дақылдары бойынша су тұтынудың орташа үлестік нормасы;

K_d – дақыл коэффициент.

Реттеліп көрсетілетін қызметтерді тұтынатын ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілер нақты өңірдегі (облыстағы, республикалық маңызы бар қаладағы, астанадағы) үшін бекітілген су тұтынудың орташа үлестік нормасынан асып кеткен кезде ауыл шаруашылығы дақылдары үшін 1,2-ге тең арттыратын коэффициент қолданылатын болады.";

7-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"Жасалған мемлекеттік-жекешелік әріптестік шарты негізінде тарифті айқындау қағидалары";

346-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"346. Жасалған мемлекеттік-жекешелік әріптестік шарт негізіндегі тарифті айқындау жасалған мемлекеттік-жекешелік әріптестік шарт негізінде өз қызметін жүзеге асыратын субъектілердің тарифін айқындау тәртібін айқындайды.";

347-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"347. Мемлекеттік-жекешелік әріптестік шарттың жобасын қарау кезінде мемлекеттік және жекеше әріптестің салынған инвестицияларын қайтаруды қамтамасыз етуді және мемлекеттік-жекешелік әріптестік шартының жобасының техникалық-экономикалық негіздемесіне сәйкес салынған инвестицияларға кірістілік деңгейін ескере отырып, реттеліп көрсетілетін қызметті ұсыну үшін қажетті шығындардың құнынан төмен емес тарифі есептеледі, егер мемлекеттік-жекешелік әріптестік шартында немесе өзгеше көзделмесе.";

348-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"348. Мемлекеттік-жекешелік әріптестік шарттың қолданылу мерзімі аяқталғаннан кейін тарифтер субъектінің тиімді жұмыс істеуі үшін пайда алу мүмкіндігін қамтамасыз ете отырып, инвестицияланған қаражаттың қайтарылуын есепке алмай қалыптастырылады.";

351-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"351. Тарифті қалыптастыру кезінде тиісті негіздеуші материалдармен расталған мемлекеттік-жекешелік әріптестік объектісінің мүлкітік кешеніне кіретін әлеуметтік саланың объектілерін қаржыландыруға байланысты шығыстар ескеріледі.";

353-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"353. Инвестицияланған капиталдың жалпы мөлшері меншікті және инвестицияланған қарыз капиталы сомасы ретінде айқындалады.

Инвестицияланған капиталдың бастапқы сомасының болжамды шекті мөлшері және оны тартудың алдын ала шарттары (қарыз капиталының құрылымы, сыйақы мөлшерлемесі және меншікті қаражаттың пайда мөлшерлемесі, мақсатты пайдаланылуы, игеру кестесі, қайтару шарттары) субъектінің растайтын құжаттарының негізінде (субъектінің қаржылық есептілігі, мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобасын қаржыландыру туралы меморандумдар, банк шоттарынан үзінді көшірмелер) айқындалады.

Инвестицияланған капиталды тартқаннан кейін мемлекеттік-жекешелік әріптестік шартына жасалған қарыз шарттарына сәйкес инвестицияланған капиталды (қарыз капиталының құрылымы, сыйақы мөлшерлемесі және меншікті қаражаттың пайда мөлшерлемесі, мақсатты пайдалану, игеру кестесі, қайтару шарттары) тарту сомасы мен шарттары көзделетін қосымша келісім жасасу арқылы тиісті өзгерістер енгізіледі.";

354-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"354. Инвестицияланған капиталды мақсатсыз пайдалануға жол берілмейді.

Тариф құрамындағы инвестицияланған капиталды (меншікті және қарыз) қайтару мемлекеттік-жекешелік әріптестік шартында және тиісті құжаттармен расталған

субъектінің инвестициялық бағдарламасында көзделген нысаналы мақсат бойынша пайдаланылған капиталға ғана жүргізіледі.

Мемлекеттік-жекешелік әріптестік объектісін пайдалану кезеңінде субъектінің меншікті қаражатын қайта инвестициялау сомасы мен мерзімдері мемлекеттік-жекешелік әріптестік шартында, оның ішінде концессия шартында және субъектінің инвестициялық бағдарламасында айқындалады және мақсатты пайдаланудың тиісті құжаттармен расталуға тиіс.

Тарифте ескерілетін қарыз капиталын қайтарудың жылдық сомасы қарыз шартында белгіленетін қарыз капиталын қайтару (өтеу) кестесінің негізінде айқындалады. Қарыз капиталын қайтару сомасын есептеу кезінде инвестициялық бағдарламаға және мемлекеттік-жекешелік әріптестік шарттың талаптарына сәйкес қайта инвестициялау (негізгі құралдарды жаңарту және жөндеу) үшін алдағы кезеңде субъект пайдаланбайтын амортизациялық қордың бос ақша қаражаты ескеріледі.

Субъектінің тарифте ескерілетін инвестицияланған меншікті қаражатын қайтару мемлекеттік-жекешелік әріптестік объектісін пайдалана бастаған сәттен бастап мемлекеттік-жекешелік әріптестік шарт қолданысының барлық мерзімі бойы жыл сайын тең төлемдермен жүргізіледі. Субъектінің меншікті қаражатын қайта инвестициялау кезінде меншікті қаражатты қайтару меншікті қаражаттың қайта инвестицияланған сомасы ескеріле отырып жүзеге асырылады.

Уәкілетті орган жыл сайын реттеу кезеңі ішінде пайдалануға берілген объектілер туралы нақты деректерді, бекітілген пайдалануға беру жоспарын түзетуді және қайтарылмаған инвестицияланған капиталдың қалдығын ескере отырып, реттеу кезеңінің кезекті есепті жылына белгіленетін инвестицияланған капиталды қайтару шамасына түзету жүргізеді.";

355-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"355. Субъектінің тарифте ескерілетін инвестицияланған және (немесе) қайта инвестицияланған меншікті қаражатына арналған пайданың жылдық сомасы пайда мөлшерлемесінің мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобасына салынған субъектінің меншікті қаражатының қалдық сомасына көбейтіндісі ретінде есептеледі.

Инвестицияланған меншікті капиталға пайда мөлшерлемесі қарыз қаражатына арналған сыйақы құнынан немесе мемлекеттік-жекешелік әріптестік шартына қол қою сәтіне белгіленген Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктері ақша қаражатын (депозиттер) тарту мөлшерлемесінен кем емес шама болып табылады.

Субъектінің инвестицияланған және қайта инвестицияланған меншікті қаражаты толық қайтарылғаннан кейін пайданың жылдық сомасы тарифте ескеріледі.";

357-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"357. Субъектілерге мемлекеттік-жекешелік әріптестік саласындағы заңнамада көзделген мемлекеттік бюджет қаражатынан шығындарды өтеуге және кіріс алуға бөлінетін көздер тарифтің шығын және кіріс бөліктерінде ескерілмеген шығыстарды

жабуға және кірістерді қамтамасыз етуге бағытталған төлемдерді қоспағанда, тарифті азайтуда ескеріледі.

Шығындарды өтеу және кірістер алу көздерінің төлемақы мөлшері мен қағидалары мемлекеттік-жекешелік әріптестік шартында көзделеді және Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.";

363-тармақтың 1) және 2) тармақшалары мынадай редакцияда жазылсын:

"1) бекітілген мемлекеттік-жекешелік әріптестік шартың көшірмесі;

2) мемлекеттік-жекешелік әріптестік шартына сәйкес реттеліп көрсетілетін қызметтерден алынған таза кірістің (пайданың) пайдалануы туралы ақпарат;"

365-тармақтың 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"1) жасалған мемлекеттік-жекешелік әріптестік шарттың көшірмесі;"

367-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"367. Өтінішке қоса берілетін есептер мен негіздеуші материалдар мынадай талаптарға сәйкес жасалады:

1) Қоса беріліп отырған материалдарға субъектінің басшысы не оны алмастыратын тұлға не субъект басшысының орынбасары қол қояды. Бұл талап өтінімді электрондық нысанда ұсынуға қолданылмайды;

2) негіздеуші материалдар ретінде өтінім берер алдындағы төрт тоқсан ішіндегі және өткен күнтізбелік жыл ішіндегі шығындар туралы нақты деректер ұсынылады;

3) мемлекеттік-жекешелік әріптестік субъектісі өтінім қарауға қабылданғаннан кейін уәкілетті органның талабы бойынша өтінім берер алдындағы төрт тоқсан ішіндегі шығындар туралы нақты деректерді уәкілетті органға күнтізбелік он бес күн ішінде ұсынады;

4) тарифтерге көлемдердің маусымдық ауытқуының әсерін болдырмау мақсатында бір жылға есептелген деректер негізге алынады;

5) тарифтердің жобаларын есептеу кезінде базаға өтінім берер алдындағы төрт тоқсан ішіндегі немесе өткен күнтізбелік жыл ішіндегі реттеліп көрсетілетін қызметтердің нақты көлемдері алынады;

6) реттеліп көрсетілетін қызметтердің көлемдері төмендеген кезде төмендетуді негіздеуші және растаушы материалдар ұсынылады;

7) мемлекеттік-жекешелік әріптестік субъектісі жүзеге асыратын қызметтердің әрбір түріне жеке дайындалады.";

377-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"377. Тарифтерді қолдану мерзімі мемлекеттік-жекешелік әріптестік субъектісінің бекітілген инвестициялық бағдарламаны және мемлекеттік-жекешелік әріптестік шартын іске асыруға көзделген кезеңінен аспайтын кезеңге белгіленеді.";

431-тармақ мынадай мазмұндағы 8-1)-тармақшамен толықтырылсын:

"8-1) статистика деректері бойынша өңірдегі (облыстағы, республикалық маңызы бар қаладағы, астанадағы) экономикалық қызмет түрлері бойынша бір жылда

қалыптасқан қол жеткізілмеген жағдайда, республика бойынша экономикалық қызмет түрлері бойынша бір жұмыскердің орташа айлық номиналды жалақысының деңгейі Қазақстан Республикасы бойынша экономикалық қызмет түрлері бойынша тиісті деңгейге жеткенге дейін бекітілген тарифтік сметада жылына жиырма пайыздан аспайтын ұлғайту есебі қолданылады";

440-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"440. Субъектінің ұсынылатын реттеліп көрсетілетін қызметтеріне тарифтің төмендеуі мынадай:

субъекті ұсынатын реттеліп көрсетілетін қызметтер көлемінің ұлғаюы;

уәкілетті орган бекіткен субъектінің тарифтік сметасында көзделген нақты шығындардың қысқаруы;

субъекті Қазақстан Республикасының табиғи монополиялар туралы заңнамаға сәйкес жүзеге асыратын, реттеліп көрсетілетін қызметтерге жатпайтын қызмет түрлерінен елеулі кірістерді алу;

Қазақстан Республикасының салық заңнамасының тиісінше өзгеруі;

тиісті өңірдің (облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың) әлеуметтік-экономикалық жағдайын тұрақтандыру үшін;

инвестициялық бағдарламада соманың азаю жағына қарай өзгеруі жағдайларында жүзеге асырылады.

Ұсынылатын реттеліп көрсетілетін қызметтерге төмендетілетін тарифтің мөлшерін субъекті реттеліп көрсетілетін қызметтерді ұсыну үшін қажет шығындардың құнынан төмен емес белгілейді және субъектінің тиімді жұмыс істеуін қамтамасыз ететін пайда алу мүмкіндігін ескереді.";

442-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"442. Тарифтің қолданылу мерзімін субъектімен анықталып, реттеліп көрсетілетін қызметтерге тарифтерді төмендету туралы субъектінің шешімі бірінші басшысының не оны алмастыратын тұлғаның бұйрығымен бекітіледі.";

көрсетілген бұйрыққа 1-қосымша осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген бұйрыққа 4-қосымша осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген бұйрыққа 11 және 12-қосымшалар осы бұйрыққа 3 және 4-қосымшаларға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген бұйрыққа 14, 15, 16 және 17-қосымшалар осы бұйрыққа 5, 6, 7 және 8-қосымшаларға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Қазақстан Республикасы Су ресурстары және ирригация министрлігінің Тарифтік саясатты реттеу департаменті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрықты ресми жарияланғаннан кейін оны Қазақстан Республикасы Су ресурстары және ирригация министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасы Су ресурстары және ирригация вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы
Су ресурстары және ирригация министрі

Н. Нуржигитов

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы
Стратегиялық жоспарлау және
реформалар агенттігі
Ұлттық статистика бюросы

Қазақстан Республикасы
Су ресурстары және
ирригация министрі
2026 жылғы 5 ақпандағы
№ 22-НҚ бұйрыққа
1-қосымша

Қазақстан Республикасы
Су ресурстары және
ирригация министрінің
2025 жылғы 14 сәуірдегі
№ 66-НҚ бұйрығы
Тарифтерді қалыптастыру
Қағидаларына
1-қосымша
1-нысан

Әкімшілік деректерді
жинауға арналған нысан

Ұсынылады: Қазақстан Республикасы Су ресурстары және ирригация министрлігіне

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысан www.gov.kz интернет-ресурсында орналастырылған.

Әкімшілік нысанның атауы: "Тарифтің, тарифтік сметаның, инвестициялық бағдарламаның, бекітілген тарифтік сметаның орындалуы туралы, бекітілген инвестициялық бағдарламаның орындалуы туралы есептердің жобасы"

Өтеусіз негізде әкімшілік деректерді жинауға арналған (нысан атауының қысқаша әріптік-цифрлық көрінісі): 1-ПТТИ

Кезеңділігі: жылдық

Есепті кезең: 20 ____ жыл

Өтеусіз негізде әкімшілік деректерді жинауға арналған нысанды ұсынатын тұлғалар тобы: суды каналдар арқылы беру, суару үшін су беру және тірек гидротехникалық құрылысжайларының көмегімен жерүсті ағынын реттеу бойынша қызметтер көрсететін табиғи монополия субъектілері.

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанды ұсыну мерзімі: жыл сайын есепті кезеңнен кейінгі жылдың 1 мамырынан кешіктірмей

Жинау әдісі: электронды түрде

ЖСН/БСН												

— тарифтік сметасы (табиғи монополия субъектісінің атауы)

— (реттеліп көрсетілетін қызметтер түрінің атауы арналған)

р/н №	Көрсеткіштердің атауы*	Өлшем бірлігі	Қолданыс-тағы тарифтік сметада қабылдан-ды	Алдыңғы аяқталған жылдың нақты көрсеткіштері	Алдыңғы аяқталған 4 тоқсанның нақты көрсеткіштері	Субъектінің тарифтік сметасының жобасы			
						Жобаны іске асырудың барлық кезеңіне, оның ішінде	Жобаны іске асырудың 1 (базалық) жылы	Жобаны іске асырудың 2-жылы	Жобаны іске асырудың і-жылы
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10
I	Тауарлардың өндіруге және көрсетілетін қызметтердің ұсынуға арналған шығындар, барлығы, оның ішінде	мың теңге							
1	Материалдық шығындар,								

	барлығы, оның ішінде	м ы ң теңге							
1.1	Шикізат және материал дар	м ы ң теңге							
1.2	Сатып алынаты н бұйымда р	м ы ң теңге							
1.3	Жанар-ж ағармай материал дары	м ы ң теңге							
1.4	Отын	м ы ң теңге							
1.5	Энергия	м ы ң теңге							
2	Еңбекке а қ ы төлеу шығыста р ы , барлығы: оның ішінде	м ы ң теңге							
2.1	Өндірісті к персонал д ы ң жалақыс ы	м ы ң теңге							
2.2	Әлеуметт ік салық және әлеуметті к аударым дар	м ы ң теңге							
	МӘМС	м ы ң теңге							
3	Амортиза ция	м ы ң теңге							
4	Жөндеу, барлығы, оның ішінде	м ы ң теңге							
	Негізгі корлар								

[illegible]

[illegible]

8.2	әкімшілік	адам							
9	орташа айлық жалақы, барлығы, оның ішінде	теңге							
9.1	өндірістік персоналдың	теңге							
9.2	әкімшілік персоналдың	теңге							
10	Күрделі жөндеу	мың теңге							
11	Пайданың есебінен жүзеге асырылатын шығындар (таратып жазу)	мың теңге							
12	Негізгі құралдар құнының өсуіне алып келмейтін жөндеу, барлығы, оның ішінде	мың теңге							
12.1	Жөндеуге арналған материалдар	мың теңге							
12.2	Жалақы	мың теңге							
12.3	Өлеуметтік салық және әлеуметтік аударымдар, МӘМС	мың теңге							

Ескертпе:

* шығындар қажет болған жағдайда кеңейтіледі немесе толықтырылады;

АРБ – тартылған активтердің реттелетін базасы (теңге);

ПМ –пайда мөлшерлемесі (%);

МӘМС – міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру.

Атауы	Мекенжайы
_____	_____
_____	_____

Телефоны

Электрондық пошта мекенжайы

Орындаушы

тегі, аты және әкесінің аты (бар болған жағдайда), қолы, телефон

Басшы немесе оның міндетін атқарушы адам

тегі, аты және әкесінің аты (бар болған жағдайда), қолы

Мөрдiң орны (жеке кәсiпкерлер болып табылатын тұлғаларды қоспағанда)

Күні 20 ____ жылғы " ____ " _____.

Әкімшілік деректерді жинауға
арналған 1-нысанға
қосымша

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізінде жинауға арналған нысанды толтыру жөніндегі түсіндірме "Тарифтің, тарифтік сметаның, инвестициялық бағдарламаның, бекітілген тарифтік сметаның орындалуы туралы, бекітілген инвестициялық бағдарламаның орындалуы туралы есептердің жобасы" (индексі: 1-ПТТИ, кезеңділігі: жылдық)

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы түсіндірме субъектілердің тарифтің, тарифтік сметаның, инвестициялық бағдарламаның, бекітілген тарифтік сметаның орындалуы туралы, бекітілген инвестициялық бағдарламаның орындалуы туралы есептердің жобасын дайындауға арналған.

Тарифтік смета – "Табиғи монополиялар туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) 4-бабының 26) тармақшасына сәйкес уәкілетті орган бекіткен нысан бойынша ұсынылатын реттеліп көрсетілетін қызметтердің кірістері, шығыстары мен көлемдерінің тізбесі.

Инвестициялық бағдарлама – Заңның 4-бабының 7) тармақшасына сәйкес инвестициялық бағдарламаның нысаналы көрсеткіштеріне қол жеткізуді немесе

Субъект қызметінің көрсеткіштерін қазіргі деңгейде сақтауды білдіретін техникалық-экономикалық және (немесе) экологиялық әсер алу мақсатында субъектінің қолда бар активтерін кеңейтуге, жаңғыртуға, реконструкциялауға, жаңартуға, ұстап-тұруға және жаңа активтерін жасауға бағытталатын қаражатты салу және қайтару жөніндегі іс-шаралар жоспары.

2. Тарифтің, тарифтік сметаның, инвестициялық бағдарламаның, бекітілген тарифтік сметаның орындалуы туралы, бекітілген инвестициялық бағдарламаның орындалуы туралы есептердің жобасын қарау кезінде, уәкілетті орган мен табиғи монополия субъектілері осы Қағидаларды және бухгалтерлік есеп стандарттарын белгілейтін нормативтік құқықтық актілерді, Қазақстан Республикасының салық заңнамасын басшылыққа алады.

Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес табиғи монополия субъектісі тарифті, тарифтік сметаны және инвестициялық бағдарламаны бекітуге арналған өтінімге қоса берілетін, сондай-ақ бекітілген тарифтік сметаның орындалуы, бекітілген инвестициялық бағдарламаның орындалуы туралы есептерге қоса берілетін есеп-қисаптардың, құжаттардың, ақпараттың және басқа да материалдардың толықтығы, негізділігі мен анықтығы үшін жауапты болады.

2-тарау. Нысандарды толтыру бойынша түсіндірме

3. 1-бағанда реттік нөмір көрсетіледі;

4. 2-бағанда реттеліп көрсетілетін қызметтер бөлінісінде уәкілетті орган бекітетін тарифтік смета көрсеткіштерінің атауы, уәкілетті орган бекіткен нысан бойынша кірістер мен шығыстардың баптары туралы, ұсынылатын реттеліп көрсетілетін қызметтердің көлемі туралы көрсеткіштер және субъект қызметінің басқа да экономикалық көрсеткіштері көрсетіледі;

5. 3-бағанда тарифтік смета көрсеткіштерінің өлшем бірлігі көрсетіледі;

6. 4-бағанда уәкілетті орган бекіткен қолданыстағы тарифтік сметадағы деректер көрсетіледі;

7. 5-бағанда алдыңғы аяқталған жылдың нақты көрсеткіштері көрсетіледі;

8. 6-бағанда алдыңғы аяқталған 4 тоқсанның нақты көрсеткіштері көрсетіледі;

9. 7-бағанда субъектінің тарифтік сметасының жобасының іске асырудың барлық кезеңі көрсетіледі;

10. 8-бағанда жобаны іске асырудың 1 (базалық) жылы көрсетіледі;

11. 9-бағанда жобаны іске асырудың 2-жылы көрсетіледі;

12. 10-бағанда жобаны іске асырудың і-жылы көрсетіледі.

2-нысан

Әкімшілік деректерді
жинауға арналған нысан

Ұсынылады: Қазақстан Республикасы Су ресурстары және ирригация министрлігіне

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысан www.gov.kz интернет-ресурсында орналастырылған.

Әкімшілік нысанның атауы: "Тарифтің, тарифтік сметаның жобасы"

Өтеусіз негізде әкімшілік деректерді жинауға арналған (нысан атауының қысқаша әріптік-цифрлық көрінісі): 1-ПТТС

Кезеңділігі: қажет болған жағдайда

Есепті кезең: 20 ____ жыл

Өтеусіз негізде әкімшілік деректерді жинауға арналған нысанды ұсынатын тұлғалар тобы: суды каналдар арқылы беру, суару үшін су беру және тірек гидротехникалық құрылысжайларының көмегімен жерүсті ағынын реттеу бойынша қызметтер көрсететін табиғи монополия субъектілері.

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанды ұсыну мерзімі: қажет болған жағдайда

Жинау әдісі: электронды түрде

ЖСН/БСН												

тарифтік сметасы (табиғи монополия субъектісінің атауы)

(реттеліп көрсетілетін қызметтер түрінің атауы)

р/н №	Көрсеткіштердің атауы*	Өлшем бірлігі	Қолданыстағы тарифтік сметада қабылданды	Алдыңғы аяқталған жылдың нақты көрсеткіштері	Алдыңғы аяқталған 4 тоқсанның нақты көрсеткіштері	Субъектінің тарифтік сметасының жобасы
1	2	3	4	5	6	7
I	Тауарларды өндіруге және қызметтер ұсынуға арналған шығындар, барлығы: оның ішінде	мың теңге				
1	Материалдық шығындар, барлығы: оның ішінде	мың теңге				
1.1	Шикізат және материалдар	мың теңге				
1.2	Сатып алынатын бұйымдар	мың теңге				

1.3	Жанар-жағар м а й материалдары	мың теңге				
1.4	Отын	мың теңге				
1.5	Энергия	мың теңге				
2	Еңбекке ақы т ө л е у шығыстары, барлығы: оның ішінде	мың теңге				
2.1	Өндірістік персоналдың жалақысы	мың теңге				
2.2	Әлеуметтік салық және әлеуметтік аударымдар	мың теңге				
	МӨМС	мың теңге				
3	Амортизация	мың теңге				
4	Жөндеу, барлығы: оның ішінде	мың теңге				
4.1	Негізгі қорлар құнының өсуіне алып келмейтін жөндеу	мың теңге				
5	Өзге де шығындар (мың теңге таратып жазу)	мың теңге				
II	К е з ең шығыстары барлығы, оның ішінде	мың теңге				
6	Жалпы және әкімшілік шығыстар, барлығы: оның ішінде:	мың теңге				
6.1	Әкімшілік персоналдың жалақысы	мың теңге				
6.2	Әлеуметтік салық және әлеуметтік аударымдар	мың теңге				
	МӨМС	мың теңге				
6.3	Салықтар	мың теңге				

6.4	Өзге де шығыстар (таратып жазу)	мың теңге				
7	Сыйақы төлеу шығыстары	мың теңге				
III	Қызметтер ұсынуға арналған барлық шығын	мың теңге				
IV	Кіріс (АРБ* ПМ)	мың теңге				
V	Қолданысқа енгізілген активтердің реттелетін базасы (АРБ)	мың теңге				
VI	Барлық кіріс	мың теңге				
VII	Көрсетілетін қызметтердің (тауарлардың, жұмыстардың) көлемі	натуралдық көрсеткіштер				
VIII	Нормативтік техникалық ысыраптар	%				
		натуралдық көрсеткіштер				
IX	Тарифі (қосымша құн салығынсыз)	теңге / ұсынылатын қызметтердің бірлігіне				
	Анықтама ретінде:					
8	Персоналдың тізімі бойынша орташа саны,	адам				
	оның ішінде:					
8.1	өндірістік	адам				
8.2	әкімшілік	адам				
9	орташа айлық жалақы, барлығы, оның ішінде	теңге				
9.1	өндірістік персоналдың	теңге				
9.2	әкімшілік персоналдың	теңге				

10	Күрделі жөндеу	мың теңге				
11	Пайданың есебінен жүзеге асырылатын шығындар (таратып жазу)	мың теңге				
12	Негізгі құралдар құнының өсуіне алып келмейтін жөндеу, барлығы, оның ішінде	мың теңге				
12.1	Жөндеуге арналған материалдар	мың теңге				
12.2	Жалақы	мың теңге				
12.3	Әлеуметтік салық және әлеуметтік аударымдар, МӘМС	мың теңге				

Ескертпе:

* шығындар қажет болған жағдайда кеңейтіледі немесе толықтырылады;

АРБ – тартылған активтердің реттелетін базасы (теңге);

ПМ – пайда мөлшерлемесі (%);

МӘМС – міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру.

Атауы	Мекенжайы

Телефоны

Электрондық пошта мекенжайы

Орындаушы

тегі, аты және әкесінің аты (бар болған жағдайда), қолы, телефон
Басшы немесе оның міндетін атқарушы адам

тегі, аты және әкесінің аты (бар болған жағдайда), қолы
Мөрдiң орны (жеке кәсіпкерлер болып табылатын тұлғаларды қоспағанда)
Күні 20__ жылғы " ____ " _____.

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізінде жинауға арналған нысанды толтыру жөніндегі түсіндірме "Тарифтің, тарифтік сметаның жобасы" (индексі: 1-ПТТС, кезеңділігі: қажет болған жағдайда)

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы түсіндірме субъектілердің тарифтің, тарифтік сметаның жобасын дайындауына арналған.

Тарифтік смета – "Табиғи монополиялар туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) 4-бабының 26) тармақшасына сәйкес уәкілетті орган бекіткен нысан бойынша ұсынылатын реттеліп көрсетілетін қызметтердің кірістері, шығыстары мен көлемдерінің тізбесі.

2. Тарифтің, тарифтік сметаның жобасын қарау кезінде, уәкілетті орган мен табиғи монополия субъектілері осы Қағидаларды және бухгалтерлік есеп стандарттарын белгілейтін нормативтік құқықтық актілерді, Қазақстан Республикасының салық заңнамасын басшылыққа алады.

Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес табиғи монополия субъектісі тарифті, тарифтік сметаны және инвестициялық бағдарламаны бекітуге арналған өтінімге қоса берілетін, сондай-ақ бекітілген тарифтік сметаның орындалуы, бекітілген инвестициялық бағдарламаның орындалуы туралы есептерге қоса берілетін есеп-қисаптардың, құжаттардың, ақпараттың және басқа да материалдардың толықтығы, негізділігі мен анықтығы үшін жауапты болады.

2-тарау. Нысандарды толтыру бойынша түсіндірме

3. 1-бағанда реттік нөмір көрсетіледі;

4. 2-бағанда реттеліп көрсетілетін қызметтер бөлінісінде уәкілетті орган бекітетін тарифтік смета көрсеткіштерінің атауы, уәкілетті орган бекіткен нысан бойынша кірістер мен шығыстардың баптары туралы, ұсынылатын реттеліп көрсетілетін қызметтердің көлемі туралы көрсеткіштер және субъект қызметінің басқа да экономикалық көрсеткіштері көрсетіледі;

5. 3-бағанда тарифтік смета көрсеткіштерінің өлшем бірлігі көрсетіледі;

6. 4-бағанда уәкілетті орган бекіткен қолданыстағы тарифтік сметадағы деректер көрсетіледі;

7. 5-бағанда алдыңғы аяқталған жылдың нақты көрсеткіштері көрсетіледі;

8. 6-бағанда алдыңғы аяқталған 4 тоқсанның нақты көрсеткіштері көрсетіледі;

9. 7-бағанда субъектінің тарифтік сметасының жобасы көрсетіледі;

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысан www.gov.kz интернет-ресурсында орналастырылған.

Әкімшілік нысанның атауы: "Өзінің қызметін мемлекеттік-жекешелік әріптестік шартының негізінде жүзеге асыратын табиғи монополия субъектісінің реттеліп көрсетілетін қызметтеріне тарифтік смета"

Өтеусіз негізде әкімшілік деректерді жинауға арналған (нысан атауының қысқаша әріптік-цифрлық көрінісі):

1-ДГЧП

Кезеңділігі: жылдық

Есепті кезең: 20 жыл

Өтеусіз негізде әкімшілік деректерді жинауға арналған нысанды ұсынатын тұлғалар тобы: суды каналдар арқылы беру, суару үшін су беру және тірек гидротехникалық құрылысжайларының көмегімен жерүсті ағынын реттеу бойынша мемлекеттік-жекешелік әріптестік шартының негізінде өз қызметтерін көрсететін табиғи монополия субъектісі.

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанды ұсыну мерзімі:
жыл сайын есепті кезеңнен кейінгі жылдың 1 мамырынан кешіктірмей

Жинау әдісі: электронды түрде

[illegible]

(асыратын табиғи монополия субъектісінің атауы)

Өзінің қызметін мемлекеттік-жекешелік әріптестік шартының негізінде жүзеге асыратын табиғи монополия субъектісінің реттеліп көрсетілетін қызметтеріне тарифтік смета

р/н №	Көрсеткіштердің атауы*	Өлшем бірлігі**	Жылға есептегенде қолданыстағы тарифте қабылданды, барлығы	Мемлекеттік-жеке иелік әріптестік субъектісінің жобасы
1	2	3	4	5
I	Тауарлар өндірісіне және қызметтерді ұсынуға арналған шығындар, барлығы	мың теңге		
1	Материалдық шығындар, барлығы, оның ішінде:	мың теңге		

1.1	Шикізат пен материалдар	мың теңге		
1.2	Энергия	мың теңге		
1.3	ЖЖМ	мың теңге		
1.4	Отын	мың теңге		
1.5	Сатып алынатын энергия	мың теңге		
1.6	Сатып алынатын су	мың теңге		
2	Э л е к т р энергиясының, с у м е н жабдықтаудың және (немесе) су бұрудың технологиялық шығысы (нормативтік ысыраптар)	мың теңге		
3	Еңбекке ақы төлеу шығындары, барлығы, оның ішінде:	мың теңге		
3.1	Жалақы	мың теңге		
3.2	Әлеуметтік салық және әлеуметтік аударымдар, міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру	мың теңге		
4	Амортизация	мың теңге		
5	Жөндеу, барлығы, оның ішінде:	мың теңге		
5.1	Негізгі құралдар құнының өсуіне алып келмейтін жөндеу	мың теңге		
6	Өзге де шығындар, барлығы, оның ішінде:	мың теңге		
6.1	Байланыс қызметтері	мың теңге		
6.2	Бөгде ұйымдардың жүктерді тасымалдауы	мың теңге		
6.3	Күзет қызметтері	мың теңге		
6.4	Иссапар шығыстары	мың теңге		
6.5	Кадрлар даярлау	мың теңге		

6.6	Еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы	мың теңге		
6.7	Табиғи ресурстарды (суды және басқаларды) пайдаланғаны үшін төлем	мың теңге		
6.8	Іске қосу-реттеу жұмыстары	мың теңге		
6.9	Өндірістік үй-жайларды дезинфекциялау, дератизациялау, қоқыс шығару және басқа да коммуналдық қызметтер	мың теңге		
6.10	Сақтандырудың міндетті түрлері	мың теңге		
6.11	Лицензиялар сатып алу	мың теңге		
6.12	Қоршаған ортаны қорғау	мың теңге		
6.13	Басқа да шығындар (таратып жазу қажет)	мың теңге		
II	Кезең шығыстары, барлығы	мың теңге		
7	Жалпы және әкімшілік шығыстар, барлығы	мың теңге		
7.1	Еңбекке ақы төлеу шығыстары, барлығы, оның ішінде:	мың теңге		
7.2	Әкімшілік персоналдың жалақысы	мың теңге		
7.3	Әлеуметтік салық және әлеуметтік аударымдар	мың теңге		
	МӘМС	мың теңге		
7.4	Банк қызметтері	мың теңге		
7.5	Амортизация	мың теңге		
	Техникалық басқару құралдарын, есептеу техникасын және және т.б.			

7.6	ұстауға және қызмет көрсетуге арналған шығыстар (таратып жазу қажет)	мың теңге		
7.7	Коммуналдық қызметтер	мың теңге		
7.8	Бөгде ұйымдардың қызметтері	мың теңге		
7.9	Иссапар шығыстары	мың теңге		
7.10	Өкілдік шығыстар, мерзімдік басылым, байланыс шығыстары	мың теңге		
7.11	Еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы	мың теңге		
7.12	Ж а л п ы шаруашылық тағайындаудағы негізгі құралдарды жалға алу	мың теңге		
7.13	Салықтар	мың теңге		
7.14	Басқа да шығыстар (таратып жазу қажет)	мың теңге		
8	Өткізу қызметін ұстауға арналған шығыстар, барлығы, оның ішінде:	мың теңге		
8.1	Жалақы	мың теңге		
8.2	Әлеуметтік салық және әлеуметтік аударымдар	мың теңге		
	МӘМС	мың теңге		
8.3	Түбіртектерді ресімдеу шығыстары	мың теңге		
8.4	Қызметтерді өткізумен байланысты амортизация (оның ішінде су өлшеуіштер)	мың теңге		
8.5	Ағымдағы жөндеу	мың теңге		
8.6	Негізгі құралдар құнының өсуіне әкелмейтін жөндеу	мың теңге		

8.7	Маркетингтік қызметтер	мың теңге		
8.8	Басқа шығыстар (толық жазу)	мың теңге		
9	Сыйақылар төлеуге арналған шығыстар	мың теңге		
III	Барлық шығындар	мың теңге		
IV	Пайда	мың теңге		
V	Барлық кірістер	мың теңге		
VI	Көрсетілетін қызметтердің көлемі	мың теңге		
VII	Нормативтік ысыраптар	мың м3/мың теңге		
VIII	Тариф (қосылған құн салығынсыз)	теңге/м3		

Ескертпе:

* шығындарды қажет болған жағдайда өзінің қызметін жасалған мемлекеттік-жекешелік әріптестік шартының негізінде, жүзеге асыратын табиғи монополия субъектісі кеңейтеді немесе толықтырады;

** көрсеткіштердің атауы мен өлшем бірлігі ұсынылатын реттеліп көрсетілетін қызметтердің түріне сәйкес көрсетіледі;

ЖЖМ – жанар-жағармай материалдары;

м3 – текше метр;

ОСМС – міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру.

Атауы	Мекенжайы

Телефоны

Электрондық пошта мекенжайы

Орындаушы

тегі, аты және әкесінің аты (бар болған жағдайда), қолы, телефон
Басшы немесе оның міндетін атқарушы адам

тегі, аты және әкесінің аты (бар болған жағдайда), қолы
Мөрдін орны (жеке кәсіпкерлер болып табылатын тұлғаларды қоспағанда)
Күні 20 ____ жылғы " ____ " _____.

Әкімшілік деректерді жинауға

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізінде жинауға арналған нысанды толтыру жөніндегі түсіндірме "Өзінің қызметін мемлекеттік-жекешелік әріптестік шартының негізінде жүзеге асыратын табиғи монополия субъектісінің реттеліп көрсетілетін қызметтеріне тарифтік смета" (индексі: 1-ДГЧП, кезеңділігі: жылдық)

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы түсіндірме өзінің қызметін мемлекеттік-жекешелік әріптестік шартының негізінде жүзеге асыратын табиғи монополия субъектісінің реттеліп көрсетілетін қызметтеріне тарифтік сметасын дайындау үшін арналған.

Тарифтік смета – "Табиғи монополиялар туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) 4-бабының 26) тармақшасына сәйкес уәкілетті орган бекіткен нысан бойынша ұсынылатын реттеліп көрсетілетін қызметтердің кірістері, шығыстары мен көлемдерінің тізбесі.

2. Өзінің қызметін мемлекеттік-жекешелік әріптестік шартының негізінде жүзеге асыратын табиғи монополия субъектісінің реттеліп көрсетілетін қызметтеріне тарифтік сметасын қарау кезінде уәкілетті орган мен табиғи монополия субъектілері осы Қағидаларды және бухгалтерлік есеп стандарттарын белгілейтін нормативтік құқықтық актілерді, Қазақстан Республикасының салық заңнамасын басшылыққа алады.

Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес табиғи монополия субъектісі тарифті, тарифтік сметаны және инвестициялық бағдарламаны бекітуге арналған өтінімге қоса берілетін, сондай-ақ бекітілген тарифтік сметаның орындалуы, бекітілген инвестициялық бағдарламаның орындалуы туралы есептерге қоса берілетін есеп-қисаптардың, құжаттардың, ақпараттың және басқа да материалдардың толықтығы, негізділігі мен анықтығы үшін жауапты болады.

2-тарау. Нысанды толтыру бойынша түсіндірме

3. 1-бағанда реттік нөмір көрсетіледі;

4. 2-бағанда табиғи монополия субъектісі ұсынылатын реттеліп көрсетілетін қызметтердің көрсеткіштер туралы және субъект қызметінің басқа да экономикалық көрсеткіштері көрсетіледі;

5. 3-бағанда реттеліп көрсетілетін қызметтердің түріне сәйкес өлшем бірлігі көрсетіледі;

6. 4-бағанда уәкілетті орган бекіткен қолданыстағы тарифтік сметадағы деректер көрсетіледі;

7. 5-бағанда мемлекеттік-жекешелік әріптестік шартының жобасы бойынша мәліметтер көрсетіледі.

Ұсынылады: Қазақстан Республикасы Су ресурстары және ирригация министрлігіне
Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысан www.gov.kz
интернет-ресурсында орналастырылған.

Әкімшілік нысанның атауы "Реттеліп көрсетілетін қызметтерге тарифтік сметаның
орындалуы туралы есеп"

Өтеусіз негізде әкімшілік деректерді жинауға арналған (нысан атауының қысқаша
әріптік-цифрлық көрінісі): AML-R1

Кезеңділігі: жылдық

Есепті кезең 20 ____ жыл

Өтеусіз негізде әкімшілік деректерді жинауға арналған нысанды ұсынатын тұлғалар
тобы: суды каналдар арқылы беру, суару үшін су беру және тірек гидротехникалық
құрылысжайларының көмегімен жерүсті ағынын реттеу бойынша қызметтер көрсететін
табиғи монополия субъектілері.

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанды ұсыну мерзімі:
жыл сайын есепті кезеңнен кейінгі жылдың 1 мамырынан кешіктірмей

Жинау әдісі: электронды түрде

ИИН/БИН										
Көрсеткіштер дің атауы	Өлшем бірлігі	Бекітілген тарифтік сметада көзделген	Тарифтік сметаның нақты қалыптасқан көрсеткіштері	Ауытқу пайызда		Ауытқу себептері				
1	2	3	4	5		6				
Тауарларды өндіру және қызметтерді ұсыну шығындары, барлығы, оның ішінде	мың теңге									
Материалдық шығындар, барлығы, оның ішінде:	мың теңге									
Шикізат пен материалдар	мың теңге									
Сатып алынатын бұйымдар	мың теңге									

Жанар-жағар м а й материалдары	мың теңге				
Отын	мың теңге				
Энергия	мың теңге				
Еңбекке ақы төлеуге арналған шығыстар, барлығы, оның ішінде	мың теңге				
Өндірістік персоналдың жалақысы	мың теңге				
Әлеуметтік салық және әлеуметтік аударымдар	мың теңге				
МӘМС	мың теңге				
Амортизация	мың теңге				
Жөндеу, барлығы, оның ішінде	мың теңге				
Ағымдағы жөндеу	мың теңге				
Ө з г е шығындар (мың теңге таратып жазу)	мың теңге				
К е з ең шығыстары, барлығы, оның ішінде	мың теңге				
Жалпы және әкімшілік шығыстар, барлығы: оның ішінде:	мың теңге				
Әкімшілік персоналдың жалақысы	мың теңге				
Әлеуметтік салық және әлеуметтік аударымдар	мың теңге				
МӘМС	мың теңге				
Салықтар	мың теңге				
Өзге де шығыстар (мың теңге таратып жазу)	мың теңге				

Сыйақылар төлеу шығыстары	мың теңге				
Қызметтер ұсынуға арналған барлық шығындар	мың теңге				
Кіріс (АРБ* ПС)	мың теңге				
Қолданысқа енгізілген активтердің реттелетін базасы (АРБ).	мың теңге				
Барлық кіріс	мың теңге				
Көрсетілетін қызметтердің көлемі	натуралдық көрсеткіштер				
